*Қосымша № 1.18*

**Техникалық сипаттама**

**(ЛОТ № 18)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Қуат көзі 4 электрофоретикалық камераға дейін қосу мүмкіндігімен | Блоктың өлшемдері: 21,5 × 33,5 × 10,4 см<br>Салмағы: 2,1 кг-нан артық емес<br>Таймер: 1–999 мин<br>Ажыратымдылығы: 1 В, 1 мА<br>Кіріс кернеуі: 100–240 В, 47–60 Гц, 200 Вт дейін<br>Жұмыс температурасы: +4°С-тан +40°С-қа дейін<br>Жұмыс ортасы: 95% салыстырмалы ылғалдылыққа дейін<br>Дисплей: кемінде 2,4 дюймді түсті TFT-дисплей<br>Контроллері: микропроцессорлық басқару<br>Қауіпсіздік функциялары: қорғалған штекерлер мен розеткалар<br>Сәйкестік белгілері: халықаралық сапа сертификаттарының болуы (мысалы, CE, ETL немесе баламасы)<br>Шығыс кернеуінің ең жоғарғы мәні: кемінде 300 В<br>Шығыс тогының ең жоғарғы мәні: кемінде 700 мА<br>Шығыс қуатының ең жоғарғы мәні: кемінде 150 Вт | 1 |
| | **Барлығы** | | **1** |

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры** **А.Ошибаева**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**Ғылым департаментінің жетекші маманы** **Т.Джатаев**

## ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен

ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.
**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.
Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.
Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:
Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.
**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.